Бұл мақалада фортепианода қашықтықтан оқытудың кейбір ерекшелігі қарастырылады. Бүгінгі күні қашықтықтан оқыту мәселесі өзекті болып табылады. Оқыту процесінде педагогтің ролі қарастырылды. Фортепианода қашықтықтан оқытудың кейбір мәселелері автордың жеке тәжірибиесінен алынған.

**Түйінді сөздер:** фортепиано, қашықтықта сабақ беру, видео-монтаж, техникалық байланыс, фортепиано ансамблі, онлайн-конкурс пен концерт, оқушылар мен ата-аналар.

Ш.Т.Есиркепова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахская национальная академия хореографии  
(Нур-Султан, Казахстан)

## НЕКОТОРЫЕ ОСОБЕННОСТИ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ ИГРЕ НА ФОРТЕПИАНО

### Аннотация

В данной статье рассматриваются некоторые вопросы дистанционного обучения на уроках по фортепиано. На сегодняшний день вопросы дистанционного образования являются очень актуальными. Рассмотрена роль педагога в процессе обучения. Проблемы обучения, возникшие в ходе дистанционного обучения на фортепиано, взяты из личного опыта автора.

**Ключевые слова:** фортепиано, дистанционное обучение, видео-монтаж, техническая связь, фортепианный ансамбль, онлайн-конкурс и онлайн-концерт, ученики и родители.

Sh.T. Yessirkepova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>The Kazakh National Academy of Choreography  
(Nur-Sultan, Kazakhstan)

## DISTANCE LEARNING SOME FEATURES TO PLAY THE PIANO

### Annotation

This article discusses some issues of distance learning in piano lessons. Today, the issues of distance education are very relevant. The role of the teacher in the learning process is considered. The specifics and problems that arise during distance learning on the piano are taken from the author's personal experience.

**Key words:** piano, distance learning, video editing, technical communication, piano ensemble, online competition and online concert, students and parents.



**Кіріспе.** 2020 жылдың наурыз айынан бастап еліміздің оқу орнындарында COVID-19 індеттің таралуына байланысты қашықтықтан оқыту жүйесі қолданыла басталды. Қазақстан Республикасы Ғылым және Білім министрлігі оқыту жүйесін толықтай қашықтықтан оқыту форматына ауыстырып, ZOOM, WhatsApp, Viber, YouTube және тағы басқа компьютерлік бағдарламаларын қолдануға, интернет байланыс арқылы оқытудың жаңа форматтары ұсынылды. Мақалада қашықтықтан оқыту жүйенің ерешеліктері мен қиыншылықтары қарастырылды.

**Зерттеу әдістері.** Осы мақалада автордың тәжірибесіне сүйене отырып, сипаттамалық және салыстырмалы әдістері қолданылған.

**Тақырып бойынша әдебиеттеріне шолу.** Мақалада Антонова А.В., Мечетина Е., Голованова Ю.К., Зинина Е.Ю., Сенькина Л.Э., Нейгауз Г.Г. авторлардың әдебиеттеріне шолу жасалды. Қолданылған мақалаларда қазіргі кездегі қашықтықтан оқыту принциптері, көптеген туындаған проблемалар және дискуссиялар айтылып кетеді.

**Зерттеу нәтижесі.** Фортепианода ғана емес, басқа пәндерде де қашықтықтан оқытудың белгілі мәселелері мен қиындықтары бар. Олардың бірі психологиялық тұрғыдағы: Сабақты қалай өткіземіз? Қандай қиындықтар туындауы мүмкін? – деген сұрақтарға жауап іздеу, оқытушының қобалжуы, белгісіздік және түсініксіздік пайда болды. Осыған қарамастан, адамзат барлық сынақтардан өтуге жігер күшін салып, кәсіби дағдыларын қолданып қашықтықтан оқытуға технологияларды аз уақытта үйреніп алдық. Қиындықтарға қарамастан, қаншама қолайсыздық туындаса да, қашықтықтан оқытудың жақсы жақтарынан атап кетсе болады. Мысалы:

1. фортепианода қашықтықтан оқыту үшін көптеген интернет технологияларын дұрыс қолдануын үйрену;
2. оқытушы мен оқушылардың қарым-қатынастары және оқушының ата-аналары мен тығыз қарым-қатынаста болуымызға әсер етті;
3. Онлайн концерт және онлайн халықаралық конкурстарына белсенді қатысуы, оқушыларымыз жақсы орындарды иелену;
4. Видео-коллаж және монтаж арқылы жасалған фортепиано ансамблінің жаңа түрлері;
5. Қашықтықтан оқу білім алушылардың жауапкершілікке арта түсуі және т.б.

Қашықтықта дұрыс сабақ беру процессінде ең белгілі фактордың бірі – ол сабақ кестесін дұрыс жоспарлау. Өйткені таңертеңнен кешке дейін экран немесе монитордың алдында отырған ден саулыққа кері әсері тиюі мүмкіндігі анық. Бұл жағдай бірнеше эмоционалды көңілмен оқу процессінде түсінбей отырған балаға дауыс көтеруге немесе дауысымыздың түсуіне, жүйкелеріміздің тозуына және көру қабілетіміздің төмендеуіне әкеп соғуы мүмкін. Сол үшін де, Антонова А.В. «Особенности дистанционного обучения игре на фортепиано на современном этапе» [1] деген мақаласында тәулік режимімізді дұрыстау керегімізді, ұйқымызды толығымен қандырып, эмоционалдық сезім жағынан ұстамды болып, және жүктеме жағымыздан күніне 7 сабақтан аспауын, арасында кішкене үзіліс болғанын белгілеп кетеді. Әрине, қосымша дем алыс күндер міндетті түрде мұғалімге де, оқушыға да маңызды.

Қашықтықта фортепиано аспабынан сабақ беруде тағы бір ерекшелік – оқушылардың камера алдында дұрыс отыруы және де камераны дұрыс қоюы. Көп оқушылар қолын, саусақтарын камераға көрсетпей, камераны артынан, немесе алдынан қояды. Қашықтықта фортепиано сабағында камераны жанынан, анығырақ айтқанда шет жағынан немесе оң жағынан қою керек. Ол камерада қолы, саусақтары, клавиатура, өзінің бетінің көрінісі көрініп тұруы маңызды. Камераның дұрыс тұруы сабақ беру процессін жеңілдеттіреді, біз азырақ болсада саусақтарының дұрыс, не дұрыс емес тұруларын, дұрыс аппликатураларын, және оқушы қандай корпуста отырғанын көріп, оны бақылай аламыз. Нейгауз Г.Г. «Об искусстве фортепианной игры» [2, 54 б.] кітабында айтылғанындай, фортепиано аспабы және оқушының отырысы орындықта қатты биік емес және қатты төмен емес, ал ортасында болу керек дейді. Демек, аспаптың қасында отырғанда клавиатураға қолы және саусақтары оқушының өзіне өте қолайлы болу керек.



**Сурет.1.** 5 А классының оқушысы Альмагамбетова Ванесса

Ал А.Рубинштейн болса, «Фортепианода жай ғана ойнау – ол саусақтардың жай ғана қозғалысы, ал фортепианода дұрыс орындап шығу – ол ішкі жанымыздың оянуы. Ал біз көбінесе біріншісін естиміз» деген. А.Рубинштейннің айтқанындай-ақ, оқушыларымыз қашықтықтан фортепианода қалайда орындасада, сол терең сезіммен, әдемі және дұрыс орындауына мақсат қойып, соған тырысуымыз керек [2, 67 б.].

Әрине, қашықтықта жаңадан үйреніп жатқан кішкентай оқушымызға фортепиано техникаларын үйрену және оларды көрсету әлі ерте, бірақ ол оқушыға фортепианода ойнау жаңа, сондай қызық ойындай болып көрінеді [3].

Фортепиано аспабында қашықтықтан ойнап үйрену – өте күрделі және өте қиын процесс. Жоғарыда белгілеп өткеніміздей, қашықтықта оқу процесі тек қана пианистикалық негіздерін тек қана нығайта қоймады, ал және оқушыларымызды жауапкершілікке тәрбиелейді. Оның негізгі бағыттары: компьютер, телефон немесе гаджетін сабақ басталар алдын батареясын толығымен зарядтау, сабақ басталардың алдын 10-15 минут дайын отыру, ZOOM-ға 5 минуттан сабақ басталу алдын «уақтында» қосылу, үйде отырып сабақ алуына қарамастан оқушының академиялық стандарт киімде болу, сабақта бүгінгі тақырыпқа байланысты қойылатын сұрақтарға дайын отыру және камераны дұрыс қойып, мұғалімнің қашықтықтан беріп жатқан білімдерін мұқият тыңдау.

Қашықтықта сабақ өту процессінде, әрине, қиыншылық тудыратын көптеген мәселелердің бірі – бұл интернеттегі байланыс. Көп айтылған сабақтағы сөздер немесе біздің фортепианода ойнап, санап, әндетіп жатқан дыбыстарымыз оқушыға 1-2 секунд кеш барады, немесе байланыс үзіліп-үзіліп тұрады, немесе кейбір дыбыстар шықпай қалады, немесе мүлдем көрсетпей қалады. Бұл факт. Осындай жағдайлардан кейін мен мұғалім ретінде артынан фортепианода қалай орындалу керек факторларын, олардың дұрыс аппликатураларын, немесе саусақтарды қалай «алма» формасында жинап ойнау керек және тағы басқа тапсырма түрлерін бөлек кіші видео жасап, сол видеоны жақсы сапада түсіріп оқушыға жіберетін едім. Уақыт өткеннен, келесі видеода оқушым жауап видеоны сол дұрыс түсінген қалпында жіберетін. Осындай моменттер де туындайтын. Немесе оқушының кейбір ойнаған қателіктерін мен байқап, оларды өз нотама қандай динамикалық белгілермен ойнау керек, қандай аппликатуралар мен штрихтарды қолдану керек, осы амалдарды жазып, оларды фотоға түсіріп жіберетін едім. Ал оқушы сол нотаға қарап, оларды байқап, келесі сабақ жақсы нәтижемен ойнап көрсететін.

Қашықтықта фортепианода оқыту мақсатымыз – оқушыны келесі рет сабаққа «тәуелді» түрде өзі дайындап білетіндей жағдайға жеткізу, еңбекке деген сүйіспеншілік тудыру, үлкен тұлға ретінде дамуына және әрі қарай сахналарда мықты орындауына және эмоционалды қобалжу жағдайларын жеңіп шығуына психологиялық тұрғыда көмектесу.

Қашықтықта баланың фортепианодан сабаққа дайындалуына ата-аналар үлкен үлес қосады. Егер кішкентай оқушы жаңа ойнап үйреніп жатырса, егер ата-аналары музыкалық грамоталарын және негіздерін білмесе, онда оқушыға үй жұмысын орындау өте қиын болады. Өйткені бұл шақта кішкентай жаңа ойнап үйреніп отырған оқушы қолдың клавиатурада дұрыс тұруына, саусақтар жинақты, домалақ формада болуына, шығармада дұрыс аппликатураның алынуына қажеттілік етеді. Ал бұл қадағалау тек қана дәсүрлі сабақ алу процессінде болатын жағдай. Сол үшін де бастапқа шақта ата-аналардың көмегі керекті етеді. Бұл процесс мұғалім мен ата-аналарды әлдеқайда жақындаттырады, араларында ортақ тақырыптар байланыстырып тұрады.

Ал бұрыннан ойнап келе жатырған оқушылармен қашықтықтан сабақ беру жеңілдеу болып келді. Оларға сабақтың маңызын, мақсатын және негізін ауызша түсіндіргенде өздері-ақ түсініп, байқап, үй жұмысын ата-аналарының көмегісіз-ақ дайындап, шығарманы өздері жаттап отырды. Бірақ олардың ойнаған шығармаларының үстінен де айрықша жұмыс жасау туындады. Бұл жерде де интернет байланысы нашар болған жағдайында өздерінің орындаған, жаттаған берілген музыкалық шығарманы бөлек видео ретінде маған жіберіп, осылайша олардың видеосын жақсы сапада тыңдап отырдым. Видеоларында жұмыс жасау керек жерлерін байқап, оларға қандай жаттығу жасау керектігін жеке жазып отырдым.

Жоғарыда белгілеп өткенімдей-ақ, қашықтықта фортепиано аспабында сабақ беру онлайн концерттерде және онлайн халықаралық конкурстарында белсенді қатысуға жақсы мүмкіндік береді. Біріншіден, бұл жағдайда үлкен сахна, залда толыған көрермендер болмайды, ал баланы үйде отырып, жақсы жылы ортада ойнап, өзінің фортепиано ойнаудағы мықты шеберлігін көрсетуге мүмкіндік береді. Ал екіншіден, камера алдында бірнеше рет запись жасап, арасынан ең жақсы шыққан видеосын өздері таңдап жіберуіне үлкен мүмкіндік бар. Әрине, бұл жерде үлкен рөлді оқушының ата-аналары ойнайды. Ата-аналар баланы конкурсқа немесе концертке шығып орындауына біріншіден психологиялық көз-қараспен баланы дайындайды. Екіншіден, камераны қолға алып, оларды камераға түсіреді. Үшіншіден, егер ата-анасы да музыкант болса, олар да баланы дұрыс, не дұрыс емес ойнап жатырғанын қадағалайды, байқайды.

Жалпы айтқанда, онлайн концерттерге, онлайн емтихандарына және онлайн конкурстарына баланы мұғалім міндетті түрде дайындайды. Біріншіден оқушының шеберлігін жүзеге асыра алатынын байқап, психологиялық түрде оқушыны орындаушыдық әлеміне дайындайды [4]. Екіншіден ол баламен профессионал дәрежесінде шығарманың техника, мелодия, гармония, штрих, динамика және жалпы музыкалық толықтығының үстінен жұмыс жасайды. Ал үшіншіден, қашықтықта оқу процесі күрделі екендігіне қарамастан, оқушы өзі өз орындап отырған шығармасының үстінен жұмыс жасауына және оқушының болашақта өсуіне, үлкен тұлға болуына жол ашады.

2020 жылы, наурыз айынан басталған қашықтықта сабақ беру режимінде фортепиано сабағын өту процессінде, өз тәжірибемде тағы бір белгілі орында қашықтықтағы ансамбль ойыны болды. Ансамбль ойыны – бұл екі, немесе одан да көп орындаушылардың бірге ойналатын жанры екендігі барлығымызға белгілі [5]. Ал бұл жерде, қашықтықта болған ансамбльды ойнап шығару мүлдем өзгеше, қиын, күрделі болды, ал оқушыларға оңайдан түсті. Өйткені, оқушылар амалсыздықтан тек қана өз партиясын ойнап, маған оларды жіберіп отырды. Біздер оны қайта жасап, екі видеоны қосып, дуэт ретінде монтаждауға кірістік. Бұл жерде оқушыға әдеттегі қойылатын тапсырма - екінші орындаушыны тыңдау, байқау, гармонияны сезіну, дуэтті сезіну деген мақсаттар болмады. Ансамбльді қашықтықта «бірге ойнау» – әлдеқайда, мүлдем мүмкін емес болды. Өйткені интернеттегі байланыс атап

кеткенімдей, 1-2 секундқа кеш барып отырды, байланыс үзіліп, дыбыстың дұрыс шығуы да кейбір жерлерінде тегіс емес болып нашарланып тұрды. Сол үшін де, бұл жағдайда мен оқушымды бірінші өзінің партиясын дайындадым, партиясын бірге жаттап, партиясының үстінен көп жұмыс жасап, оқушы әбден өз партиясын 99% жақсы ойнаған кезінде видео запись жасап жіберуін ұсыныс еттім. Міндетті түрде, бұл жерде де ата-аналары запиське видеоға түсіруге, оларды академиялық киімдерімен кигізіп түсіріп жіберуге біраз көмектесті. Кейін ол видео-записьті өзімнің орындаған, бөлек түсірген екінші партиямен байланыстырдым. Нәтижеде екі видеоны монтаждап, өзім бағдарламалық техникаларымен достастым. Бір жағынан өзгеше, қызықты және айрықша видео-коллаж болды.



**Сурет.2.** 7 Б классының оқушысы

*Колесниченко Дарьянамен мен мұғалімі Есиркепова Шарифа.*

*Фортепиано ансамблыінде видео-коллаж орындауы.*

Бірақ қазіргі заманда осындай видео-коллаж жасалынған ансамблыінде алғашқы классымызда болғанындай мақсаттар және талаптар болмады: біріншіден, оқушы жеке түрде ойнады, оқушыға өз-өзін он шақты дубль етіп түсірген видеоларынан ең жақсы сапада ойнаған видеосын таңдауға мүмкіндік туылды, ал екіншіден, дуэттік сезім, немесе бір-бірін тыңдап ойнау және т.б. талап етілетін амалдар болмады.

Бір жағынан айтсақ та, бұл тәсіл дәстүрлі ансамбльден мүлдем ажыралып тұрды. Әрине, мұндай монтаждалған ансамбльден қарағанда өзіміздің алғашқы, дәстүрлі оқудағы ансамбль құлағымызға және көзімізге визуалды түрде жақсы қабылданады, естіледі, әрі естіледі, жақсы және сапалы орындалады. Алғашқы дәстүрлі форматта ойнаған ансамблемізді «өнер» деп атауға болады [6].

Екінші жағынан, видеоларды монтаждау жұмысымен бірге барлық бағдарламадағы техникалармен достастық, көп құралдарды үйрендік. Ансамбльді монтаждау үшін бірнеше бағдарламалар керек етті. Ал техникалық аппараттарда болса көп орын қажеттілік етті. Менің қолданған бағдарламаларым Inshot және видео-коллаж болып келді. Екі видеоны профессионалды түрде қосу оңай болмады: көптеген басындағы және аяғындағы бөліктерді алып тастап, екі видеоны уақты бойынша секунд және миллисекундына дейін бірдей болуына қарау керек болды. Жалпы айтқанда, ансамбльдегі екі видеоны бір-бірімен қосу көптеген сабырлық, төзімділік және үлкен профессионалды шеберлікті керекті етті.

Ал Антонова А.В. «Особенности дистанционного обучения игре на фортепиано на современном этапе» [1] деген мақаласында қашықтықтан фортепиано ансамблін орындау мүлдем мүмкін еместігін айтты.

«Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ», «Оқу – білім бұлағы, білім – өмір шырағы» мақал-мәтелдерде айтқандай, қашықтықтан фортепиано аспабында сабақ беру үлкен сабырлық, төзімдік, күш, мықты ден саулық және бізден жақсы көңіл күй қажет етеді. Ал техникаларымыздың ішінен компьютер, гаджет немесе ұялы телефондарда оларды толығымен жұмыс алдын зарядтау және осы техникаларда көп орын керекті етеді.

Ресейдің пианисті мен педагогі Мечетина Е. «Дистанционное обучение в классе специального фортепиано» [2] мақаласындағы сұрақтарға жауап айтқанында, осы онлайн форматтағы қашықтықта фортепиано аспабынан білім алу, пиаистикалық шеберлікті жүзеге асыру, қалайда прогресстерге жетілісу мүлдем мүмкін емес, ал айналып келгенде өзіміздің күнделікті дәстүрлі форматта алып жүрген сабақтарымыз әлдеқайда жақсы екендігін айтып кетті.

Қорытынды. Қорытындылай келе, қашықтықтан оқытудағы қиындықтарға қарамастан, білім беру процесінің дамуындағы жаңа жолдарын көріп отырмыз, бірақ бәрі бірдей жаңа болып қала бермейді және оң үрдістерге ие бола алмайды. Ең бастысы тәжірибеге сүйене отырып кәсіби қасиеттерді арттыру үшін қажет нәрсені алу керек деп санаймыз.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Антонова А.В. Особенности дистанционного обучения игре на фортепиано на современном этапе. // Интернет ресурс: <https://pedsovet.ru/load/257-1-0-55985> (Дата обращения 16.07.2020, время 13:44)
2. Нейгауз Г.Г. «Об искусстве фортепианной игры». – Москва: Музыка, 1982.

3. Голованова Ю.К. Методика дистанционного образования: причины и методы решения проблемы. // Международная научная конференция «Педагогика: традиции и инновации». – Челябинск, 2011.

4. Зинина Е.Ю. Создание психологически-комфортной атмосферы на уроке в классе специального фортепиано. // Интернет ресурс: <https://nsportal.ru/kultura/muzykalnoe-iskusstvo/library/2016/11/05/sozдание-psihologicheskij-komfortnoj-atmosfera-na> (Дата обращения 17.07.2020, время 17:42).

5. Методы и формы работы на уроках общего фортепиано. // Интернет ресурс: <https://infourok.ru> (Дата обращения 18.07.2020, время 11:23).

6. Сенькина Л.Э. Особенности обучения игре на фортепиано для развития ребенка. // Публикации педагогов. Профобразование России и СНГ. – Челябинск, 2017.

7. Мечетина Е. Дистанционное обучение в классе специального фортепиано. // Интернет ресурс: <https://www.classicalmusicnews.ru/articles/distancionnoe-obuchenie-mechetina/> (Дата обращения 17.07.2020, время 15:38).

#### References:

1. Antonova A.V. *Osobennosti distancionnogo obuchenija igre na fortepiano na sovremennom etape*. // Internet resurs: <https://pedsovet.su/load/257-1-0-55985> (Data obrashhenija 16.07.2020, vremja 13:44) (*In Russ.*).

2. Nejgauz G.G. *Ob iskusstve fortepiannoj igry*. – Moskva: Muzyka, 1982. (*In Russ.*).

3. Golovanova Ju.K. *Metodika distancionnogo obrazovanija: prichiny i metody reshenija problemy*. // Mezhdunarodnaja nauchnaja konferencija «Pedagogika: tradicii i innovacii». – Cheljabinsk, 2011. (*In Russ.*).

4. Zinina E.Ju. *Sozdanie psihologicheskij-komfortnoj atmosfery na uroke v klasse special'nogo fortepiano*. // Internet resurs: <https://nsportal.ru/kultura/muzykalnoe-iskusstvo/library/2016/11/05/sozdanie-psihologicheskij-komfortnoj-atmosfera-na> (Data obrashhenija 17.07.2020, vremja 17:42). (*In Russ.*).

5. *Metody i formy raboty na urokah obshhego fortepiano*. Internet resurs: <https://infourok.ru> (Data obrashhenija 18.07.2020, vremja 11:23). (*In Russ.*).

6. Sen'kina L.Je. *Osobennosti obuchenija igre na fortepiano dlja razvitija rebenka*. Publikacii pedagogov. Profobrazovanie Rossii i SNG. – Cheljabinsk, 2017. (*In Russ.*).

7. Mechetina E. *Distancionnoe obuchenie v klasse special'nogo fortepiano*. // Internet resurs: <https://www.classicalmusicnews.ru/articles/distancionnoe-obuchenie-mechetina/> (Data obrashhenija 17.07.2020, vremja 15:38). (*In Russ.*).

**АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ:**

1. **Ахмедьяров Казбек Газизович** – 1 курс магистранты, Қазақ ұлттық хореография академиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

*Ғылыми жетекшісі* – **Кульбекова Айгуль Кенесовна** – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық хореография академиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан;

2. **Бәкірова Самал Әбілпатташқызы** – 1 курс докторанты, Қазақ ұлттық хореография академиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан;

3. **Ізім Тойған Оспанқызы** – өнертану ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақ ұлттық хореография академиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан;

4. **Бельгибаева Амина Бахытовна** – 2 курс магистранты, Қазақ ұлттық хореография академиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

*Ғылыми жетекшісі* – **Джумасейтова Гулнара Тазабековна** – өнертану ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақ ұлттық хореография академиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан;

5. **Қабдусова Дина Ерікқызы** – хореография факультеті деканының орынбасары Қазақ ұлттық хореография академиясы, Нұр-сұлтан, Қазақстан; Мәскеу мемлекеттік мәдениет институтының 3 курс аспиранты, Мәскеу, Ресей;

6. **Кульдеева Гульнара Ильясовна** – филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

7. **Нурдаулетова Бибайша Ильясовна** – филология ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан;

8. **Нұрланқызы Дана** – 2 курс студенті, Қазақ ұлттық хореография академиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан;

9. **Сақтағанов Балабек Кеніштайұлы** – PhD докторы, Қазақ ұлттық хореография академиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан;

10. **Есиркепова Шарифа Танзиповна** – өнертану магистрі, концертмейстер, оқытушы, Қазақ ұлттық хореография академиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.



---

**INFORMATION ABOUT THE AUTHORS:**

1. **Akhmedyarov Kazbek Gazizovich** – 1st year master student, Kazakh National Academy of Choreography, Nur-Sultan, Kazakhstan.

*Scientific supervisor* – **Kulbekova Aigul Kenesovna** – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Kazakh National Academy of Choreography, Nur-Sultan, Kazakhstan;

2. **Bakirova Samal Abilpattashevna** – 1st year doctoral student, Kazakh National Academy of Choreography, Nur-Sultan, Kazakhstan;

3. **Izim Toygan Ospanovna** – Candidate of art history, professor, Kazakh National Academy of Choreography, Nur-Sultan, Kazakhstan;

4. **Belgibaeva Amina Bakhytovna** – 2nd year undergraduate student, Kazakh National Academy of Choreography, Nur-Sultan, Kazakhstan.

*Scientific supervisor* – **Dzhumaseitova Gulnara Tazabekovna** – Candidate of Art History, Professor, Kazakh National Academy of Choreography, Nur-Sultan, Kazakhstan;

5. **Kabdusova Dina Erikovna** – Deputy Dean of the Faculty of Choreography, Kazakh National Academy of Choreography, Nur-Sultan, Kazakhstan; 3rd year postgraduate student of the Moscow State Institute of Culture, Moscow, Russia;

6. **Kuldeeva Gulnara Ilyasovna** – Doctor of Philology, Professor, Eurasian National University named after L. N. Gumilyova, Nur-Sultan, Kazakhstan.

7. **Nurdauletova Bibaysha Ilyasovna** – Doctor of Philology, Professor, Caspian State University of Technologies and Engineering named after Sh. Yessenov, Aktau, Kazakhstan;

8. **Nurlankyzy Dana** – 2nd year student, Kazakh National Academy of Choreography, Nur-Sultan, Kazakhstan;

9. **Saktaganov Balabek Kenishtaevich** – PhD, Kazakh National Academy of Choreography, Nur-Sultan, Kazakhstan;

10. **Esirkepova Sharifa Tanzipovna** – Master of art history, accompanist, teacher, Kazakh National Academy of Choreography, Nur-Sultan, Kazakhstan.

**СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ:**

1. **Ахмедьяров Казбек Газизович** – магистрант 1 курса, Казахская национальная академия хореографии, Нур-Султан, Казахстан.

*Научный руководитель* – **Кульбекова Айгуль Кенесовна** – доктор педагогических наук, профессор, Казахская национальная академия хореографии, Нур-Султан, Казахстан;

2. **Бакирова Самал Абиляпатташевна** – докторант 1 курса, Казахская национальная академия хореографии, Нур-Султан, Казахстан;

3. **Ізім Тойған Оспановна** – кандидат искусствоведения, профессор, Казахская национальная академия хореографии, Нур-Султан, Казахстан;

4. **Бельгибаева Амина Бахытовна** – магистрант 2 курса, Казахская национальная академия хореографии, Нур-Султан, Казахстан.

*Научный руководитель* – **Джумасейтова Гульнара Тазабековна** – кандидат искусствоведения, профессор, Казахская национальная академия хореографии, Нур-Султан, Казахстан;

5. **Кабдусова Дина Ериковна** – заместитель декана факультета хореографии, Казахская национальная академия хореографии, Нур-Султан, Казахстан; аспирант 3 курса Московского государственного института культуры, Москва, Россия;

6. **Кульдеева Гульнара Ильясовна** – доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан.

7. **Нурдаулетова Бибайша Ильясовна** – доктор филологических наук, профессор, Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан;

8. **Нурланкызы Дана** – студентка 2 курса, Казахская национальная академия хореографии, Нур-Султан, Казахстан;

9. **Сактаганов Балабек Кеништаевич** – доктор PhD, Казахская национальная академия хореографии, Нур-Султан, Казахстан;

10. **Есиркепова Шарифа Танзиповна** – магистр искусствоведения, концертмейстер, преподаватель, Казахская национальная академия хореографии, Нур-Султан, Казахстан.

## «ARTS ACADEMY» ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫНЫҢ РЕДАКЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ

«Arts Academy» журналының редакциялық саясаты ғылыми қызметтің этикасына тікелей байланысты. Редакциялық саясатта ғалымдар өз жұмыстарына дайындық жасау барысында редакциялық саясатта басшылыққа алатын қағидаттар мен ұйғарымдар жиынтығы баяндалады.

«Arts Academy» журналының жоспары – рецензияланатын, дәйексөз алынатын журналдардың қатарына ену. Бұл өз кезегінде редакция алқасын маңызды өнегелі-этикалық қағидаттарды және ұйымдастыру нормаларын сақтауға міндеттейді.

### «Arts Academy» журналының редакциялық саясатының жалпы ережелері

Журналдың тақырыптық бағыты бар. Журнал беттерінде ғылыми мақалалар, шолулар, қысқаша хабарландырулар мен дискуссиялық мақалалар жарияланады.

Басылым өзекті мәселелерге:

- хореографиялық өнердің тарихына,
- хореография педагогикасына,
- өнертануға,
- қазіргі мәдениетке,
- өнер және білім беру саласындағы менеджментке,
- әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарға арналған.

Журналдың шығу мерзімділігі – тоқсан сайын.

Журналдың редакция алқасы – Қазақстан Республикасындағы, ТМД елдеріндегі және алыс шетелдегі білім беру және ғылыми-зерттеу ұйымдарының жетекші ғалымдары мен мамандары.

Ғылыми журналдың редакция алқасы түпнұсқаны, бұрын ешбір жерде жарияланбаған және бірмезгілде басқа басылымдарда басылуға арналмаған мақалаларды ғана қабылдап, қарастырады.

Журнал редакциясына келіп түскен барлық ғылыми мақалалар қатаң түрде рецензиялаудан өтеді.

### Ғылыми журналдың редакциялық саясатының негізгі қағидаттары

Журнал редакциясы төмендегі заңдармен қорғалатын өз жұмыстарын басылымға жіберген авторлардың құқықтарына құрметпен қарайды:

*1. Қазақстан Республикасының Конституциясымен (1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданған) (10.03.2017 жылғы жағдай бойынша барлық өзгертулермен және толықтырулармен);*

2. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV «Ғылым туралы» Заңымен;

3. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі № 451-I «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңымен;

4. Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы № 6-I «Авторлық құқық және аралас құқықтар туралы» Заңымен (24.11.2015 жылғы жағдай бойынша барлық өзгертулермен және толықтырулармен);

5. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңымен (09.04.2016 жылғы жағдай бойынша барлық өзгертулермен және толықтырулармен).

«Arts Academy» журналының редакция алқасына басылымға ұсынылған авторлық құқық міндетті түрде келесі шарттарды орындауға негізделеді:

- зерттеудің құрылымына және концепциясына немесе мәліметтерді талдауға және түсіндіруге айтарлықтай үлес қосуға;
- мақаланың мәтінін жазуға немесе оған түбегейлі өзгерістер енгізуге;
- баспаға берілетін соңғы нұсқаны мақұлдауға.

«Arts Academy» журналына өз жұмыстарын ұсынатын авторлар өз тарапынан мақаланың келесі талаптарға сай болуына кепілдік беруі тиіс:

✓ түпнұсқалық болуы (басқа басылымдарда бұрын соңды осы формада немесе мазмұны жағынан ұқсас формада жарияланбаған);

✓ басқа баспалардың редакциясында қаралымда жатпаған және авторлық құқыққа және қарастырылып жатқан мақаланың жариялануына қатысты мүдделер жанжалы реттелген;

✓ қандай да бір авторлық құқықтар бұзылмаған, соған орай осыған ұқсас бұзушылықтар анықталған жағдайда баспагерге шығындарды өтеуге кепілдік береді;

✓ материалдарды қолдану саясатын жүзеге асыруға және материалдарды таратуға жағдай жасау үшін авторлар баспагерге, егер басқа да жағдайлар қарастырылмаған жағдайда, меншік құқығын береді.

Келесі жағдайлар ғылыми этиканы бұзушылық ретінде қарастырылады:

• мәліметтерді жасырын түрде іріктеу арқылы оларды бұрмалау, фабрикациялау және суреттермен бұрмалау арқылы қажетсіз нәтижелерден бас тарту;

• қолдау алу үшін жазылған өтінімхаттағы немесе өтінімдегі қате мәлімдемелер (соның ішінде басылымға қатысты, сондай-ақ басылымға қабылданған жұмыстарға қатысты жалған өтініштер);

• өзге автордың авторлық құқықпен қорғалатын жұмыстарына, ғылыми жаңалықтарына, болжамдарына, зерттеу теориясына немесе әдістеріне қатысты интеллектуалдық меншік құқығын бұзушылық:

а) рұқсатсыз пайдалану, соның ішінде плагиат;

б) сарапшылардың пікірі бойынша біреудің зерттеу әдістерін және ойын заңсыз иемдену (ойын ұрлау);

с) ғылыми авторлықты немесе бірлескен авторлықты иемдену немесе оларды негізсіз иемдену;

d) мазмұнын өзгерту (бұрмалау);

е) әлі жарияланбаған жұмыстармен, жаңалықтармен, болжамдармен, теориялармен немесе ғылыми әдістермен танысуға бөгде адамдарға рұқсат беру және оларды рұқсатсыз жариялау;

- автордың келісімінсіз өзге адаммен бірлесіп автор болуға талпыну;
- зерттеу жұмысына кедергі келтіру (зерттеуге қажетті құралдарға нұқсан келтіру, бұзу, көшірмесін жасау);

- бірлескен жауапкершілік келесі жағдайлардың нәтижесі болуы мүмкін:

- 1) ғылыми этиканы бөтен адамдардың бұзушылыққа белсенді қатысу;

- 2) өзгелер жасаған бұрмалаушылық туралы хабардар болу;

- 3) бұрмаланған басылымдарға бірлесіп автор болу;

- 4) бақылау міндеттерін ескермеу.

«Arts Academy» журналының редакциялық саясатына сәйкес келесі жағдайларға жол берілмейді:

- өзге автордың жұмысын, оның автор екенін көрсетпей, мәлімет алынған жерге сілтеме жасамай және жақшаға алмай, сөзбе-сөз көшіруге;

- өзге автордың шығармасын өзгертіп жазу, бір параграфта немесе мәтін бөлігінде бір сөйлемнен артық өзгертілсе немесе сөйлемдер алынған жерге сілтеме жасалмай олардың тәртібі ауыстырылып жазылса. Сөйлемдер алынған жерге сілтеме жасалмай, олар едәуір өзгертіліп жазылған болса онда ол сөзбе-сөз көшірілген болады;

- біреудің шығармашылық элементтерін авторын көрсетпей қолдану, мысалы, суреттің, кестенің немесе абзацтың қай жерден алынғанына, дереккөзіне сілтеме жасалмаса, жақшаға алынбаса. Авторлар шығарманың авторлық құқығы бар иесінен оның шығармалық элементтерін қолдану үшін рұқсат алуы тиіс;

- авторлар өз жұмыстарын алғаш рет жарияланып жатқанын көрсетуі тиіс.

Егер қолжазба элементтері бұрын басқа мақалада жарияланған болса, онда сол жарияланымға сілтеме жасалуы тиіс. Сондай-ақ оның алдыңғы жұмыстан қандай айырмашылығы барын көрсете отырып, оның зерттеу нәтижелерімен және қорытындыларымен байланысын анықтау. Өз жұмыстарын сөзбе-сөз көшіріп жазуға және оны өзгертіп жазуға болмайды.

Ғылыми зерттеулерде зерттеу барысында кеткен бұрмаланбаған қателіктер, даулы мәліметтер, алынған нәтижелерді әртүрлі түсіндіру және оларды эксперименттік өңдеу секілді зерттеу процестеріне тән әрекеттер этиканы бұзушылық болып саналмайды.

### **Рецензия берушінің қызметіне кіретін этикалық қағидаттар**

Рецензент авторлық материалдарға ғылыми сараптама жасайды, сонымен қатар келесі қағидаттарды орындауы тиіс:

- Рецензия алуға қабылданған қолжазба құпия құжат ретінде қарастырылуы тиіс, және оны редакциядан рұқсат алмаған бөгде адамдарға оқып танысу үшін беруге болмайды.

- Рецензент зерттеу нәтижелеріне объективті және дәлелді баға беруі тиіс. Автордың жеке сыны қабылданбайды.

- Қарастырылымға ұсынылған қолжазбалардан алынған жарыққа шықпаған мәліметтерді рецензент өз мақсатында пайдаланбауы тиіс.

- Рецензент жұмысты бағалауға өзінің біліктілігі жетпейтіндігіне көзі жетсе немесе автор мен ұйым арасында даулы мәселелер туындаған жағдайда әділ шешім қабылдай алмайтын болса, онда ол рецензия беруден бас тарту үшін алдын ала редакторға ол туралы хабар беруі тиіс.

Журнал редакциясы авторлардың беделін қорғай отырып, ғылыми этика стандарттарын ұстанады және шығармашылық ұрлық болған жағдайда оған жауапты қарайды, себебі шығармашылық ұрлық жасады деген айып зерттеушінің мансабына нұқсан келтіреді. Мұндай жағдайда шығармашылық ұрлық туралы айыптауларға әсер етуге мүмкіндік беретін тәртіптер жүйесі қолданылады.

Объективтілікті қамтамасыз ету мақсатында редакция әрбір орын алған жағдайды мұқият зерттейді және барлық мүдделі тараптардың дәлелдерін қарастырады. Ары қарай әрекет жасамас бұрын, редакция даулы басылымдардың авторларынан немесе авторлық құқығы бар иелерінен нақты ақпарат алуға тырысады және оны зерттейді.

*Егер айыптаушы шындыққа жанаспайтын ақпарат берсе (мысалы, жалған атпен ұсынса) немесе этикаға жатпайтын, сес көрсету формасында әрекет етсе, онда мұндай жағдайда редакция шығармашылық ұрлық жасалды деген айыпқа жауап қатпауға құқылы болады. Редакция шығармашылық ұрлық жағдайларын оған қатысы жоқ тараптармен талқылауға міндетті емес.*

**THE EDITORIAL POLICY OF THE SCIENTIFIC JOURNAL  
«ARTS ACADEMY»**

The editorial policy of the journal «Arts Academy» is connected with the ethics of scientific activity. The editorial policy sets out a set of principles and prescriptions that scientists should follow when preparing their work.

“Arts Academy” plans to enter the list of peer-reviewed, quoted journals, which obliges the editorial board to observe a number of important moral and ethical principles and organizational norms.

**General provisions of the editorial policy  
of the journal «Arts Academy»**

The journal has a thematic focus. Scientific articles, reviews, short communications and discussion articles and others are published on the pages of the journal.

The publication is devoted to topical problems:

- history of choreographic art,
- Pedagogy of choreography,
- art criticism,
- modern culture,
- management in art and education,
- Social and human sciences.

The periodicity of the issue is quarterly.

The editorial board of the journal are leading scientists and specialists of educational and research organizations of the Republic of Kazakhstan, CIS countries and foreign countries.

The editorial board of the scientific journal «accepts only original, previously unpublished articles that are not intended for simultaneous publication in other publications.

All scientific articles submitted to the editorial office of the journal undergo a rigorous review procedure.

**Basic principles of the editorial policy of the scientific journal**

The editors of the journal respect the rights of authors of works sent for publication, protected by laws:

1. *The Constitution of the Republic of Kazakhstan (adopted at the republican referendum on August 30, 1995) (with amendments and additions as of March 10, 2017);*

2. *Law of the Republic of Kazakhstan of February 18, 2011 No. 407-IV «On Science» (with amendments and additions as of November 13, 2015);*

3. *Law of the Republic of Kazakhstan No. 451-I of July 23, 1999 On Mass Media;*

4. *Law of the Republic of Kazakhstan of 10 June 1996 No. 6-I On Copyright and Related Rights (with amendments and additions as of 24.11.2015).*

5. *Law of the Republic of Kazakhstan of July 27, 2007 No. 319-III «On Education» (with amendments and additions as of April 9, 2016);*

For the editorial board of the journal «Arts Academy», the authorship of the submitted to the publication is based on the mandatory observance of the following conditions:

- significant contribution to the concept and structure of the study or to the analysis and interpretation of data;
- writing the text of the article or making fundamental changes to it;
- endorsement of the final version, which is submitted for printing.

For their part, authors who provide their work for publication in the journal «Arts Academy» should ensure that the articles:

- ✓ are original (they were not published earlier in other publications in their current or similar form);
- ✓ are not under consideration in the editorial offices of other publications and all possible conflicts of interest related to copyrights and the publication of the articles are settled;
- ✓ do not violate any of the existing copyrights, and in this connection they guarantee the publisher damages in case of revealing such violations;
- ✓ for the convenience of dissemination and enforcement of the material use policy, authors transfer exclusive title to the work to the publisher, unless otherwise provided.

As a violation of scientific ethics, the following can be considered:

- fabrication, falsification of data by secretly selecting them and avoiding undesirable results, by manipulating images or illustrations;
- incorrect statements in the application letter or application for support (including false statements regarding the publications in which the work appeared, as well as the works accepted for publication);
- violation of intellectual property rights in respect of the work of another author protected by copyright, significant scientific discoveries, hypotheses, theories or research methods:
  - a) unauthorized use, including plagiarism;
  - b) misappropriation of research methods and ideas (theft of ideas) according to experts;
  - c) the attribution of scientific authorship or co-authorship, or their unjustified appropriation;
  - d) substitution (falsification) of the content;
  - e) unauthorized publication and provision to third parties of access to unpublished works, findings, hypotheses, theories or scientific methods;
    - claiming to (co) authorship with another person without his / her consent;
    - disruption of research work (including damage, destruction, forgery of other items necessary for the research);
    - joint responsibility may result from:
      - 1) active participation in the violation of scientific ethics committed by other persons;
      - 2) awareness of falsification committed by others;
      - 3) co-authorship in falsified publications;
      - 4) obvious neglect of control responsibilities.

In accordance with the editorial policy of the magazine «Arts Academy» is unacceptable:

- verbatim copying of the work of another person without specifying his authorship, references to the source and use of quotes;
- incorrect rephrasing of the work of another person, in which more than one sentence was changed within one paragraph or section of the text, or the proposals



were arranged in a different order without an appropriate reference to the source. Substantial incorrect paraphrasing without reference to the source is equated to verbatim copying;

- use of the elements of the work of another person without attribution, for example, a drawing, a table or paragraph without expression of gratitude, a reference to the source or the use of quotes. Authors must obtain the permission of the copyright owner to use the elements of his work;
- self-plagiarism: authors should indicate that their work is published for the first time.

If the elements of the manuscript were previously published in another article, then the authors are obliged to refer to earlier work. They should indicate the essential difference between the new work and the previous one and at the same time to reveal its connection with the results of the studies and conclusions presented in the previous work. Verbatim copying of own works and their paraphrasing are unacceptable.

The actions inherent in research processes, as well as falsified (unconscious) research mistakes, data conflicts, different interpretations and interpretation of the results and experimental developments are not considered as violations of ethics in scientific research.

### **Ethical principles in the activity of the reviewer**

The reviewer carries out a scientific examination of the author's materials, as a result of which his actions should be impartial in nature, consisting in the following principles:

- The manuscript received for review should be considered as a confidential document, which can not be passed on for review or discussion to third parties without authorization from the editorial office.
- The reviewer is obliged to give an objective and reasoned assessment of the results of the research. Personal criticism of the author is unacceptable.
- Unpublished data obtained from submitted manuscripts should not be used by the reviewer for personal purposes.
- A reviewer who does not, in his opinion, possess sufficient qualifications to evaluate the work, or can not be objective, for example, in case of a conflict of interest with the author or organization, should notify the editor of his request to exclude him from the process of reviewing this work.

The editorial staff of the journal adheres to the standards of scientific ethics, protecting the reputation of authors and taking seriously individual cases of plagiarism, proceeding from the fact that accusations of plagiarism always negatively affect the career of the researcher. When such situations arise, a system of procedures is used to respond to possible accusations of plagiarism.

In order to ensure objectivity, the editors carefully examine each case and consider the arguments of all interested parties. Before taking any further actions, the editors seek to obtain the most accurate information from the authors of the disputed publication or copyright owners and study it.

However, the editors reserve the right not to react to accusations of plagiarism, if the prosecutor provides inaccurate personal information (for example, appears to be a fictitious name) or acts in an unethical or menacing form. The editorial board is not obliged to discuss cases of alleged plagiarism with persons who do not have a direct relationship to it.

**РЕДАКЦИОННАЯ ПОЛИТИКА НАУЧНОГО ЖУРНАЛА  
«ARTS ACADEMY»**

Редакционная политика журнала «Arts Academy» связана с этикой научной деятельности. В редакционной политике излагается комплекс принципов и предписаний, которыми должны руководствоваться ученые при подготовке своей работы.

В планах журнала «Arts Academy» вхождение в число рецензируемых, цитируемых журналов, что обязывает редакционную коллегию соблюдать ряд важных нравственно-этических принципов и организационных норм.

**Общие положения редакционной  
политики журнала «Arts Academy»**

Журнал имеет тематическую направленность. На страницах журнала публикуются научные статьи, обзоры, краткие сообщения, дискуссионные статьи и другое.

Издание посвящено актуальным проблемам:

- история хореографического искусства,
- педагогика хореографии,
- искусствоведение,
- современная культура,
- менеджмент в искусстве и образовании,
- социально-гуманитарные науки.

Периодичность выпуска журнала — ежеквартальная.

Редакционная коллегия журнала — ведущие ученые и специалисты образовательных и научно-исследовательских организаций Республики Казахстан, стран СНГ и дальнего зарубежья.

Редакционной коллегией научного журнала «принимаются к рассмотрению только оригинальные, ранее нигде не публиковавшиеся статьи и не предназначенные к одновременной публикации в других изданиях.

Все научные статьи, поступившие в редакцию журнала, проходят строгую процедуру рецензирования.

**Основные принципы редакционной политики научного журнала**

Редакция журнала с уважением относится к правам авторов, присылающих для публикации работы. Все авторские материалы защищены законами:

1. Конституция Республики Казахстан (принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 10.03.2017 г.);

2. Закон Республики Казахстан от 18 февраля 2011 года № 407-IV «О науке» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 13.11.2015 г.);

3. Закон Республики Казахстан от 23 июля 1999 года № 451-І «О средствах массовой информации»;

4. Закон Республики Казахстан от 10 июня 1996 года № 6-І «Об авторском праве и смежных правах» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 24.11.2015 г.).

5. Закон Республики Казахстан от 27 июля 2007 года № 319-ІІІ «Об образовании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 09.04.2016 г.);

Для редколлегии журнала «Arts Academy» право авторства представленных к изданию работ основывается на обязательном соблюдении следующих условий:

- значительном вкладе в концепцию и структуру исследования или в анализ и интерпретацию данных;
- написании текста статьи или внесении в него принципиальных изменений;
- одобрения окончательной версии, которая сдается в печать.

Со своей стороны, авторы, предоставляющие свои работы для опубликования в журнале «Arts Academy», должны гарантировать, что статьи:

- ✓ являются оригинальными (не публиковались ранее в других изданиях в их нынешней или близкой по содержанию форме);
- ✓ не находятся на рассмотрении в редакциях других изданий и все возможные конфликты интересов, связанные с авторскими правами и опубликованием рассматриваемых статей, урегулированы;
- ✓ не нарушают ни одно из существующих авторских прав, в связи с чем гарантируют издателю возмещение убытков в случае выявления подобных нарушений;
- ✓ для удобства распространения и обеспечения реализации политики использования материалов авторы передают издателю исключительное право собственности на работу, если не предусмотрено иное.

Как нарушение научной этики может рассматриваться следующее:

- фабрикация, фальсификация данных путем их тайного отбора и отказа от нежелательных результатов, путем манипуляции изображениями или иллюстрациями;
- некорректные заявления в письме-заявке или заявке на получение поддержки (в том числе ложные заявления относительно публикаций, в которых появилась работа, а также работ, принятых к публикации);
- нарушение прав интеллектуальной собственности в отношении работ другого автора, охраняемых авторским правом, значительных научных открытий, гипотез, теорий или методов исследования:
